
ЖАҢАЛЫҚТАР

Nvidia компаниясының басшысы Дженсен Хуанг отставкаға кетті

12 қараша 2026 жыл, 19:17



Nvidia компаниясының басшысы Дженсен Хуанг

Американдық чип өндіруші Nvidia компаниясының бас директоры Дженсен Хуанг қызметінен кетті және директорлар кеңесінен шықты. Бұл туралы компанияның баспасөз қызметі хабарлады. Оның орнына компанияны қаржы директоры болған Колетт Кресс басқарады.

Бұған дейін The New York Times газеті Nvidia басшысы қытайлық кәсіпкер әйел Элис Хуангпен жақын қарым-қатынаста болған деп **жазған** еді. АҚШ арнайы қызметтері ол әйел тыңшылық жасап, Пекинге ақпарат беріп отырған болуы мүмкін деп күдіктенеді. Элис Хуанг Nvidia-дан чиптер сатып алатын Сингапурдың Megaspeed компаниясында жұмыс істеген.



Дженсен Хуанг пен Элис Хуанг

NYT дерегінше, АҚШ-тың арнайы қызметтері бұл күдіктері туралы шамамен бір жыл бұрын АҚШ президенті Дональд Трампқа баяндаған, алайда ол бұл ақпаратқа байланысты ешқандай шара қолданбауды жөн көрген.

Осы шудан кейін Nvidia компаниясы Дженсен Хуангтың үстінен тәуелсіз тексеру бастаған еді. Бұл жаңалықтан соң компанияның акциялары күрт арзандаған.

Биыл қазан айында Дженсен Хуанг Астанаға келіп, үкімет өкілдерімен кездескен еді. Хуанг пен жасанды интеллект және цифрлық даму министрі Жаслан Мәдиевпен Екібастұзба қуаты 1ГВт болатын дата-орталық (Data Center Valley) салуды талқылаған. Дженсен Хуангтың айналасында шу басталғалы ресми Астана бұл жобаларға қатысты мәлімдеме таратқан жоқ.



ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ

Nvidia компаниясы өз басшысының тыңшылық жасады деген күдікке ілінген әйелмен байланысын тексеріп жатыр

Азат Еуропа / Азаттық радиосы © 2026, Inc. | Барлық құқықтары қорғалған